15. Молдабекова, Б. Табынарым да, тағдырым да - ән [Текст]: [тарлан талант иесі, белгілі айтыс ақыны Қ. Бердіғалиевпен кездесу кешінің жоспары] / Б. Молдабекова // Мектептегі кітапхана. - 2012. - №6. - С.18-19.
16. Меңешев, Е. Тәңірі талант сыйлаған [Текст]: [Ғ. Құрманғалиев атындағы облыстық филармония әншісі Қатимолла Жәңгірұлы туралы] / Е. Меңешев // Орал өңірі. - 2012. - 23 ақпан. - С.15.
17. Меңешов, Е. Тәңірі талант сыйлаған: [Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Қатимолла Бердіғалиевтің 60

жасқа толуына оарй үзік сыр] / Е. Меңешов // Ауыл айнасы. - 2012. - 13 ақпан. - С. 4.

18. Шүйіншалиева, М. Мен жалпы тоғыздықтан қорықпаймын, өйткені біздің үйде тоғыздар бар / М. Шүйіншалиева. - Жайық үні. - 2012. - 16 ақпан. - С.6-7.

\*\*\*\*\*

## **15 наурыз**

### **Марат Сәметұлы Бисенғалиев**

#### **(1962)**

Марат Сәметұлы Бисенғалиев - скрипкашы. 1962 жылы Алматы қаласында дүниеге келген. Мараттың әкесі Сәмет Бисенғалиевтің арғы аталары Батыс Қазақстан облысының Орда елді мекенінде тіршілік кешекен. Сәмет Бисенғалиев институтта жоғары білім алған соң Қырғызстанның Жалалабад облысының қаржы бөлімін басқарды. Кейін отбасы Алматыға қоныс аударғаннан кейін Мараттың әкесі Сәмет қаладағы Калинин ауданының қаржы бөлімінің төрағасы қызметінде болды.



Мараттың анасы - Арухан көршілес Астрахань облысының тумасы. Мұғалім болған. Сәмет пен Аруханның - Ғалия, Райхан, Батима, Ғанимат, Сағадат, Марат есімді алты бала тәрбиелеп өсірген. Марат үйдің кенжесі болған. Ол 1962 жылы 13 наурыз күні Алматы қаласында өмір есігін ашты.

Мараттың әкесі Сәмет Бисенғалиев қазақтың қара домбырасының құлағында ойнаған өнер иесі еді. Кезінде ол орындаған Дәулеткерей мен Сейтек күйлері таспаға түскен болатын. Әкенің өнері балаларын да айналып өтпеді. Десе де, Мараттың музыкалық қабілеті кешірек оянды. Мектепте жүрген

шағында оны алда музыка өнерпазы болады деп ешбір жан ойламаған екен.

1969 жылы Күләш Байсейітова атындағы музыкалық училищенің скрипка сыныбында оқи бастайды. Ол 8 сыныпта Нина Михайловна Патрушеваның тәрбиесінде нағыз ұстазын тауып, скрипкада беріле ойнайды.

Училищені бітірген соң ол Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессоры, ардақты Н.М. Патрушеваның класына қабылданды. Үшінші курста П.И. Чайковский атындағы Мәскеу мемлекеттік консерваториясының профессоры Борис Владимирович Беленькийдің класына ауысты. 1988 жылы Қазақстанға келіп «Алтын алма» атты жеке батыстық музыка ұжымдарымен тайталаса алатын камералық концерт құрды. Дирижер Құрманғазы атындағы консерваторияның профессоры Я. Фудиман, Р. Хисматуллин, Я. Мавриди, С. Бисенғалиева, М. Бекмағанбетов сынды өнерпаздарды шақырды. Бұл Мараттың өзі үлкен қанағаттанушылықпен есіне алатын оркестрді басқару тәжірибесі еді. Бастама Мараттың Англияға кетуіне орай тоқтап қалды.

1990 жылдан Англияда тұрады. Осы уақыттан бастап, белсенді концерт берумен айналысады. 1990 жылы Англия корольдігінің оркестрімен үлкен концерттер қояды. Осыдан кейін-ақ, оның скрипкашылық өнері таныла түсті. Осы жылы «Наксос» фирмасының менеджері оны байқап, осы фирмамен бірге жұмыс істеуге шартқа отыруды ұсынады. Мұның өзі скрипкашы алдында батыстың көптеген концерттік залдарының есіктері айқара ашыларына және әлемдік жетекші маңыздағы оркестрлерде орындауына мүмкіндік туғызды. Ол әлемнің ең үздік «Карнеги Холл» және «Барбикен Холл», «Альберт Холл», «Гивен Хауз» залдарында өнерімен жұрттарды тамсандырды.

Марат Сәметұлының орындауындағы шығармалар жазылған ұнтаспалар сатылымы да молая түсті. Оның көптеген дискілері ағылшын журналы «Граммофонның» үздігі аталды. 1989 жылы Мәскеудегі «Мелодия» фирмасы да оның орындауындағы

шығармаларды ұнтаспаға жазды. Оның репертуарына 80 скрипкалық концертті мен 1,5 сағаттық камералық музыкаға арналған бағдарламалары енді.

1996 жылы Нью-Йорктің Барбикан Холында Англияның камералық оркестрімен берген концертті халықаралық скрипка жұлдызы ретінде қалыптасуындағы шешуші кезең болды. Ол ірі әлемдік музыка жазбаларымен айналысатын компаниялармен тұрақты келісімшарт жасасады. Қазіргі кезде Марат Бисенғалиевті дүниежүзінің танымал сыншылары мойындап отыр. Оны «Қазақстанның бейбітшілік елшісі» деп атайды. Марат Бисенғалиевтің тікелей ұйымдастыруымен құрылған батысқазақстандық симфониялық оркестр Астана, Алматы және Орал қалаларында "көмеймен ән салатын" өнерпаз Еділ Құсайыновтың Финляндия хоры мен Ұлыбританиялық орындаушыларының қатысуымен өткен екі сағаттық концертті аса табысты өтті. Karl Jenkins Music Ltd дискіде музыкалық поэманы жарыққа шығарды. Оны таспаға түсіруді Sony classic фирмасының студиясы мойнына алды. Бұл оркестрде кеңесші дирижер болуға кезінде Фуат Мансұров пен ағылшындық дирижер Джон Андерсон қатысқан-ды. Марат Бисенғалиевке 2008 жылы ҚР еңбек сіңірген қайраткері атағы берілді.

Аса шебер өнерлі скрипкашыны 2005 жылы Англияда өткен концерттің аяқталғанында үндістандық менеджер сахна сыртына көтеріліп, оған ұсыныс жасайды. Мақсаты - Марат Бисенғалиевтің тікелей көмегімен Үндістанда симфониялық оркестр құру. Бұл күндері Үндістанда сондай оркестр қанатын жая түсуде. Сонымен бірге Марат Францияның мәдениет министрлігінің сұранысымен Парижде де көптеген концерт қойды.  
<https://kaz.caravan.kz/zhangalyqtar/>

### ӘДЕБИЕТ:

1. Бисенғалиев мұны ескеруі тиіс / Т. Жазықбай // Орал өңірі. - 2008. - С.31.
2. Жазықбай, Т. Жаңа оркестрдің тұңғыш концерті / Т. Жазықбай

- // Жас Қазақ. - 2007. - С.6.
3. Жұмашова, М. Жылдың тоғыз айын гастрольде өткіземін: [Скрипкашы Марат Бисенғалиевпен сұхбат] / М. Жұмашова // Нұр Астана. - 2012. - 27 желтоқсан. - С.8-9.
  4. Құттымұратұлы, Қ. Скрипканың ащы дауысы ащы дауға ұласып барады / Қ. Құттымұратұлы // Жас Қазақ. - 2008. - С.11.
  5. Қыстаубаев, Е. «Мен не деймін, скрипкам не дейді?...»: БҚО Мәдениет басқарамасының Марат Бисенғалиев басқаратын скрипкашылар оркестрінің қызметі туралы баспасөз брифингі / Е. Қыстаубаев // Орал өңірі. - 2008. - 10 қаңтар.
  6. Куликов, В. Bravo,маэстро!: (Скрипач М. Бисенғалиев создает симфонический оркестр в Уральске) / В. Куликов // Время. - 2003. - С.6.
  7. Лисицына, Н. Маэстро и оркестр: ( В Уральске будет свой камерный симфонический оркестр. Его организацию взял на себя сам маэстро М. Бисенғалиев) / Н. Лисицына // Уральская неделя. - 2003. - С. 27.
  8. Марат Бисенғалиевтің кітабы жарыққа шықты: [«До...Ре...» атты тұңғыш кітабы] // Пайдалы кеңестер. - 2011. - №5. - С.33.
  9. Мантаева, А. Мәдениет кеңістігіндегі «Спектакль» / А. Мантаева // Қазақ әдебиеті. - 2008. - С.18.
  10. Марат Бисенғалиевтың Батыс Қазақстан филармониялық оркестрі туралы облыстық мәдениет басқармасының бастығы Айдар Батырхановтың мәлімдемесі // Ана тілі. - 2008. - С.10.
  11. Марат Бисенғалиев Беларусь жерінде: [Скрипкашы Марат Бисенғалиевтің шығармашылық өмірі] // Парасат. - 2011. - №6. - С.34.
  12. Мустафина, М. Музыка сердца: [Камерный концерт с участием Марата Бисенғалиева и Жанин Аубакировой] / М. Мустафина // Литер. - 2010. - С.15.
  13. Мустафина, М. Наш англичанин: М. Бисенғалиев,о нем / М. Мустафина // Столичная жизнь. - 2006. - С.18.
  14. Мустафина, М. Хранители традиций: [Фамилия семьи Бисенғалиевых стала знаком качества в музыкальном мире] /

- М. Мустафина // Литер. - 2011. - 22 ақпан. - С. 29.
15. Мұқаметқали, Қ. Батысқа бас игізген...: Марат Бисенғалиев жайлы бір үзік сыр / Қ. Мұқаметқали // Дала мен қала. - 2015. - С.29.
  16. Миленьякая, Ю. Классик-шоу: [Марат Бисенғалиев познакомит алматинцев с произведениями британского композитора Карла Дженкинса] / Ю. Миленьякая // Литер. - 2013. - 12 ноябрь. - С.6.
  17. Мейнян, Л. Жизнь как по нотам: [Профессиональный юбилей Марата Бисенғалиева] / Л. Мейнян // Литер. - 2007. - С. 10.
  18. Матаев, Е. Желтый квадрат Марата: [Организация автомобильного движения в Лондоне в интервью известного скрипача Марата Бисенғалиева] / Е. Матаев // Экспресс К. - 2009. - 16 января. - С. 25.
  19. Мироя премьера: [Премьера скрипичного концерта Карла Дженкинса «Сарыкыз» в исполнении Марата Бисенғалиева] // Страна и мир. - 2009. - 22 января. - С.1.
  20. Мусаходжаева, С. Музыкальное мастерство Марата Бисенғалиева: творческая деятельность Марата Бисенғалиева / С. Мусаходжаева // Мысль. - 2007. - С.7.
  21. Мироя турне Марата Бисенғалиева: [насыщенным станет наступивший год для известного скрипача Марата Бисенғалиева] // Страна и мир. - 2011. - 17 января. - С.14.
  22. Петров, В. Отложите скрипку, маэстро!: [Бисенғалиев Марат] / В. Петров // Время. - 2011. - 4 июня. - С.3.
  23. Савченко, Л. Марат Бисенғалиев: «Мои старания не напрасны»: [Премьера скрипичного концерта Карла Дженкинса «Сарыкыз» и шестой конкурс скрипачей в Уральске в интервью] / Л. Савченко // Информбиржа. - 2009. - 5 февраля. - С.36.
  24. Савченко, Л. Привязанность Марата Бисенғалиева: [Бисенғалиев Марат] / Л. Савченко // Информбиржа. - 2010. - 14 октября. - С.36.
  25. Сугирбаева, М. Обнаженный перед богом: [О жизни и творчестве Марата Бисенғалиева] / М. Сугирбаева // Караван. -

2010. - 15 декабрь. - С.19.
26. Утешева, А. Голос Шакарима в сердце валлийском: [В Лондонском зале «Ройял Фестивал Холл» прошла международная премьера симфонии «Шакарим»] / А. Утешева // Байтерек. - 2010. - №7-8. - С.73.
27. Умаров, Т. Почему закрыли оркестр известного скрипача?: [Оркестр Марата Бисенгалиева] / Т. Умаров, А. Злобина // Уральская неделя. - 2011. - 30 июня. - С.10.
28. Шимырбаева, Г. Концерты на родине / Г. Шимырбаева // Казахстанская правда. - 2009. - 19 августа. - С.8.
29. Шимырбаева, Г. Марат Бисенгалиев: Симфонический оркестр Алматы станет визитной карточкой страны: [этот оркестр пришел на смену легендарному Западно-Казахстанскому филармоническому оркестру] / Г. Шимырбаева // Казахстанская правда. - 2012. - 9 ноября. - С.21.
30. Шишанова, О. Любовь к скрипке: [Марат Бисенгалиев] / О. Шишанова // Новое поколение. - 2011. - 7 июня. - С.7.
31. Шимырбаева, Г. Странствие музыканта: прощай! пиши!: [Мемуары Марата Бисенгалиева] / Г. Шимырбаева // Казахстанская правда. - 2010. - 5 ноября. - С.16.

\*\*\*\*\*

**9 мамыр**  
**Жайсаң Досболатұлы Ақбаев**  
**(1927)**

Жазушы, өлкетанушы, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, Батыс Қазақстан облысы, Сырым ауданы, Шағырлыой ауылының тумасы.



Ақбаев Жайсаң 1927 ж. Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданының Шағырлыой ауылында дүниеге келген.

Батыс Қазақстанның тарихы бойынша 250-ден астам мақалалардың, очерктердің авторы. Жазған кітаптары: «Қазақтар» (1987 ж.), «Жымпитыға 100 жыл» (1990 ж.), «Сырым тағдыры – Ел тағдыры» (1992 ж.), «Сырым батыр Датулы» (1992 ж.), «Хан Жангир» (1995 ж.), «Радуга Ак Жайык» (1997 ж., Самара қ., РФ), «Ритмы Ак Жайык» (1997 ж.), «Жанша» (1997 ж.), «Нарын-Казахия» (1999 ж.), «Алшын-от-Ана» (2000 ж.), «Жәңгір хан» (2001 ж.), «Ерен Ер Сырым» (2002 ж., үш тілде), «Мағишат» (2007 ж.), «Казахская пушкиниана» (2002 ж.), «Жанша» (2007 ж. екінші басылым, екі тілде), «Мүсілім» (2002 ж.), «Жұбан» (2010 ж., екі тілде), «Қадыр» (2011 ж., екі тілде), «Сырым Елі» (2007 ж.), «На Дону казак, на Жайыке казах» (2004 ж.), «Зори Ак Жайык» (2014 ж.)

Ақбай Жайсаң – Батыс Қазақстан гуманитарлық университетінің (қазіргі Махамбет Өтемісов ат. БҚУ), «Евразия» институтының құрметті профессоры, Орал қ., БҚО Сырым және Бөкейорда аудандарының құрметті азаматы.

#### ӘДЕБИЕТ:

1. 85-я весна Жайсана Акбая // Жайык үні Жизнь города: Вестник Уральского городского маслихата. - 2012. - 18 мая (№20). - С.17(3).
2. Арыстаналиева Д. Книга о настоящем патриоте // Приуралье. - 2010. - 18 сентября. - №103. - С.3.
3. Бессмертное завещание потомкам: Пресс-конференция после торжественного открытия Центра культуры и искусства в г.Уральске деятелей культуры и литературы Казахстана // Приуралье. - 2015. - 30 июня (№77). - С.3.
4. В кругу интересов Исатай, Сырыма, Жаханша // Приуралье. - 2012. - 26 мая (№58). - С.5
5. Гудошникова И. О времени и о себе [О книге Ж.Акбая «Мағишат»] // Пульс города. - 2007. - №20. - С.7.

6. Жаксығалиев Ж. Триология о родном Приуралье: Новая книга краеведа Ж. Акбая «Зори Ак Жайык» // Приуралье. - 2014. - 3 июля (№74). - С.15.
7. Иночкин, В. След в истории: [Краевед, почетный профессор ЗКГУ и института «Евразия» Жайсан Акбай - 75 лет] // Приуралье. – 2002. - №55. - С.6
8. Кыдыршаев, А. Панорама культуры края: Ж. Акбай - сборник «Мағмұр сұңғат» // Приуралье. – 2017. - 13 июня (№64-65). - С.8
9. Назарбаев, Н.А. О награждении государственными наградами Республики Казахстан: Акбай Жайсан «Ерен еңбегі үшін» медалімен: Указ Президента Республики Казахстан // Приуралье. - 2016. - 15 декабря (№152). - С.2
10. Нариков А. «Казахская пушкиниана» Ж.Акбая: [Новая книга, посвященная Году Казахстана в России] // Приуралье. - 2003. - № 151. - С.2.
11. Посвящение поэту [Книга краеведа Ж.Акбая посв. творчеству Кадыра Мырза Али] // Приуралье. - 2011. - 27 декабря (№149). - С.8.
12. Сармулдина М. Служить народу - его призвание: Общественному деятелю, краеведу, историку, почетному гражданину города Ж.Акбаяю- 85 лет // Приуралье. - 2012. - 26 мая (№58). - С.3, С.5.

\*\*\*\*\*

**15 мамыр**  
**Хиуаз Қайырлықызы Доспанова**  
**(1922-2008)**



Хиуаз Доспанованың әскери құрбылары оны кішкентай және нәзік Катя деп атаған. Ержүрек ұшқыш қыз алған жарақаттарының көптігіне қарамастан, көкке ұмтылып, кескілескен шайқасқа дайын тұрған.

Хиуаз Доспанова 1922 жылы Атырау облысында дүниеге келді. Ақылды әрі білімді қыз соғыс басталатынына 1 жыл қалғанда, орта мектепті алтын медальмен бітіреді. КСРО ұшқыш-батырларының ерлігіне тәнті болып, бала жасынан ұшқыш болуды армандаған. Мектеп қабырғасында оқып жүргенде жергілікті аэроклубты бітіріп, запастағы пилот куәлігін қоса алды. Хиуаз Мәскеудегі Жуковский атындағы әскери-әуе академиясына құжат тапсырғанымен, жолы болмады. Академияға ер адамдар ғана қабылданған еді. Қыз Медицина институтына оқуға түседі. Бірінші курс бітірген соң, 1941жылдың жазында соғыс басталды.

Көп ұзамай, Хиуаз әйелдерге арналған жаңа полк ашылғанын білді. Бұл полкті Марина Раскова басқарды. Хиуаз оқуға қабылдау туралы өтініш жазып, басқа қыздармен Саратов қаласындағы әскери әуе училищесіне аттанады. 1942 жылдың мамырында Кеңес Одағында әйелдерден құрылған жалғыз әуе полкі аға лейтенант Евдокия Бершанскаяның басқаруына берілді. Әскери азаматтар қалжыңмен «Дунькин полкі» деп атайтын (Евдокия Бершанская командирінің атымен).

Айлакер ұшқыш әйелдерді немістер «Nachthexen» («Түнгі мыстандар») деп атаған. Ұшқыш әйелдердің тактикасы: белгілі бір қашықтықты сақтап, өз мақсатына жақындап, ұшақтың гүрілін

төмендету. «Түнгі мыстандар» ұшу биіктігін төмендетіп, жауды үстінен бомбалады. Фашисттердің позицияларына жақындағанда аула сыпыратын сыпыртқы дыбысы ғана естілді. Ұшу арасындағы үзіліс: 5-8 минут. Жаз мезгілінде ұшақтың экипажы бір түнде 6-8 әуе сапарын жасады, ал қыста - 10-12. Ұшақтар 28 676 сағат (1191 толық тәулік) әуеде болған. Хиуаз Доспанова мерген-ұшқыш болып, 300-ден астам әуе сапарын жасады. Хиуаз қауіпсіз белдігін тақпайтын. Бәлкім, бұл әдеті оны өлімнен құтқарған болар. 1943 жылдың көктемінде ұшу алаңына қонуда Пашкова мен Доспанованың ұшағы Макогон мен Свистунова басқаратын ұшақпен соқтығысып қалды. Көп ұзамай, апат болған жерге жедел-жәрдем де келіп жетті. Макогон мен Свистунова мерт болды. Доспанова мен Пашкова дала әскери ауруханасына жеткізілді. Юля операция үстелінде көз жұмды. Хиуаздан да тіршілік нышаны білінбей, оны мәйітханаға апарып, әскери құрбысымен қатар салды. Сосын медбикелер оның жүзі өлі адамға ұқсамайтынын байқап қалады. Қызды ажалдан құтқарып алуға дереу кіріседі. О, ғажап, әлден уақытта кірпігі қимылдап, қыз көзді ашады. Дәрігерлер бірнеше күн мен түн оның өмірі үшін күресті. Хиуаздың денесі жансыздана бастады, аяқтарының ампутациясы туралы мәселе көтерілді, дегенмен, дәрігер: «Жоқ, мен бұл қызды аяғынан айыра алмаймын! Егер есін жинаса, оған аяқтары керек болады!», — деді. Хиуаз тірі қалды. Алғашқы кезде Хиуаз таяқшаға сүйеніп жүретін, бірақ әуедегі шайқастарға қатысуын жалғастырды. Оны ұшаққа мінгізіп, кейін одан шығуға көмектесті. Уақыт өте келе, Доспанова байланыс штабының басшысы болып тағайындалды.

Қызыл жұлдыз, II дәрежелі Отан соғысы ордендерін, «Кавказды қорғағаны үшін», «Варшаваны азат еткені үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдарын иеленді... 2004 жылы ҚР Президентінің Жарлығы бойынша Хиуаз Доспановаға республикамыздағы ең жоғарғы марапат - «Халық Қаһарманы» Алтын Жұлдызы берілді.

2008 жылы ержүрек ұшқыш әйел дүниеден өтті, бірақ оның есімі халық жүрегінде мәңгі қалары сөзсіз.  
© e-history.kz

### ӘДЕБИЕТ:

1. Доспанова, Хиваз. Под командованием Расковой: Воспоминания военного летчика. – Алма-Ата, 1960. – 81 с.
2. Ахметов, К. Фронтное и мирное небо Хиуаз Доспановой / К. Ахметов // Казахстанская правда. – 2012. - №144-145. - 19 мая. - С.7.
3. Бактығалиева, А. Хиуаз Доспанова - мой идеал: Сочинение о героине ВОВ / А. Бактығалиева // Приуралье. – 2015. - №15-16. - 7 февраля. - С.13.
4. Батырханов, А. Почему мы не придаем значения историческим событиям? / А. Батырханов // Приуралье. – 2020. - №103. - 28 декабря. - С.12.
5. Батырханов, А. Новые факты о Хиуаз Доспановой / А. Батырханов // Приуралье. – 2014. - №27. - 6 марта. - С.5.
6. Брусиловская, Е. Легенда по имени Хиваз / Е. Брусиловская // Казахстанская правда. – 2009. - 8 мая. - С.14.
7. Брусиловская, Е. Легенда по имени Хиуаз: Хиуаз Доспанова / Е. Брусиловская // Казахстанская правда. – 2014. - №90. - 9 мая. - С.7.
8. Герои Великой Победы - Казахстанцы: В 2-х томах. – Астана: Фолиант, 2016.
9. Девушка из легенды: Сборник / Сост. Г.И. Нечунаев. – Алма-Ата: Казахстан, 1989. – 200 с.
10. Доспанова Хиуаз Каировна (15 мая 1922 г. - 20 мая 2008 г.) // Герои Великой Победы-казахстанцы: в двух томах. – Астана: Фолиант, 2016. - С.208.
11. Кабдулов, С. Легендарная Хиуаз / С. Кабдулов // Казахстанская правда. – 2020. - №61. - 31 марта. - С.9.
12. Каткова, О. Хиуаз Доспанова навеки с нами! / О. Каткова // Пульс Puls. – 2020. - №7-8. - С.1.
13. Кульбаев, Т. Обнимая небо.... / Т. Кульбаев // Юридическая

газета. – 2010. - №50. - 9 апреля. - С.5.

14. Летчица: Хиуаз Доспанова // Они были первыми. – Алматы: «Алматыкітап», 2007. - С.258.

15. Саркулова, Г. Легендарная летчица Хиуаз: Женский авиационный полк «Ночные ведьмы», где воевала Х. Доспанова // Приуралье. – 2015. - №54. - 9 мая. - С.7.

16. Тодорова, Н. «Крылатая девушка»: о Х. Доспановой / Н. Тодорова // Сокпак = Тропинка. – 2015. - №2. - С.61.

17. Тулегенова, С. В честь легендарной Хиуаз: В музее М. Маметовой - выставка, приуроченная к 90-летию Х. Доспановой / С. Тулегенова // Приуралье. – 2012. - №43. - 19 апреля. - С.3.

18. Тюлемесова, А. Легенда по имени Хиуаз: Библиотека дома дружбы - патриотический час, посвященный 95-летию Х. Доспановой / А. Тюлемесова // Приуралье. – 2017. - 16 мая. - №51. - С.12.

19. Шулембаева, Р. Славные дочери Отчизны: М. Маметова, Молдагулова А., Доспанова Х. / Р. Шулембаева // Казахстанская правда. – 2015. - 28 мая. - №98. - С.6.

\*\*\*\*\*

#### **4 маусым**

### **Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерінің бекітілген күніне 30 жыл (1992 ж.)**

1992 жылы 4 маусым – маңызды оқиға болды: Қазақстанның Мемлекеттік рәміздері қабылданды.

Мемлекеттік рәміздер – қазіргі саяси мәдениет пен тарихи өзін-өзі танудың барлық канондары бойынша жасалған геральдикалық бейнелер еліміздің мемлекеттік тәуелсіздігінің фактісін ғана емес, сонымен қатар жаңа мемлекет құрудың аса маңызды принциптерінің мәнін де жариялады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері – Ту, Елтаңба, Әнұран, ол бүкіл ел халқының бірлігін паш етеді.

Мемлекетіміздің рәміздері оның егемендігі мен тәуелсіздігінің, халық пен билік бірлігінің бұлтартпас дәлелі болып табылады, сол арқылы қазақстандық демократияның белгілі бір мемлекеттік идеясын білдіреді, жалпы адамзаттық құндылықтарды біріктіру мен ұмтылысын білдіреді.



Ту қазақстандық екінші ұшқыш-ғарышкер Талғат Мұсабаевпен бірге ғарышқа ұшты. 1995 жылы Эверест шыңында Қазақстанның туы көтерілді.



Тағы бір мемлекеттік рәміз – Елтаңба. «Елтаңба» термині немістің «erbe» (мұрагерлік) сөзінен шыққан және тұқым қуалайтын ерекше белгі – символдық мағына берілген фигуралар мен заттардың қосындысын білдіреді. Қазіргі Қазақстан аумағында өмір сүрген қола дәуірінің көшпелілері де өздерін ерекше таңба – тотеммен таныстырып, графикалық өрнек кейіннен «таңба» атауын алғанын, бұл термин алғаш рет басталғанын тарих көрсетеді. Түрік қағанатында пайдаланылуы тиіс. Елтаңбаның авторлары – белгілі сәулетшілер Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлиханов.



Әнұран – тағы бір маңызды мемлекеттік рәміз. «Әнұран» терминінің өзі гректің «гимнео» сөзінен шыққан және «салтанатты ән» дегенді білдіреді. Бірінші Әнұран мәтінінің авторлары: Т. Молдағалиев, М. Әлімбаев, Қ. Мырзалиев, Ж. Дәрібаева және композиторлар М. Төлебаев, Е. Брусиловский, Л. Хамиди. 2000 жылы Елбасы Н.Ә. Назарбаев Үкіметке Гимнді ауыстыру қажеттігі туралы мәселе

қойды.

Нәтижесінде 2006 жылдың қаңтарында «Менің Қазақстаным» әні ресми әнұранға айналды. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың ән мәтініне өзгертулер енгізілді. Мәтінге еліміздің бүгінгі мұратына сай кейбір түзетулер енгізген Н. Назарбаев біріккен авторлар ұжымына қосылды. Бұл әннің жолдары қазақ халқының ұлттық намысын, рухын ояту мақсатында жасалған.

Менің Қазақстаным! Бұл қазақ тіліндегі ең құпия сөз тіркестерінің бірі. Бұл ең алдымен өзінің ерекше сабырлы да батыл мінезімен ерекшеленетін, бүкіл тарихында әлемге өзінің ашықтығын, татулығын, ізгілігін танытқан ұлттың, жақсылыққа қол жеткізген қазақтың ең жүректен шыққан сөздері. игі істерге және адамдық қуанышқа жұмсау үшін. Еліміздің мемлекеттік рәміздері дүние жүзіне белгілі. Қазақстан Республикасын дүние жүзі мойындады.

## ӘДЕБИЕТ:

1. Ибраева, С. День символов страны: [на вопросы, связанные с атрибутикой отвечает Е. Шаймерденов, авт. кн. «Государственные символы РК»] / С. Ибраева // Казахстанская правда. – 2002. – 4 июня. – С.6.

2. Иксанова, Гульнар. Код нации: [отклик на статью Президента РК Нурсултана Назарбаева] / Гульнар Иксанова // Казахстанская правда. – 2017. – 5 июня. – С.4.
3. Кадыров, Бектур. Казахстанские грани Гран-при: [книга «Государственные символы Республики Казахстан. Символы независимости» победила в конкурсе «Искусство книги»] / Бектур Кадыров; фото Игоря Бургандинова. - Текст: непосредственный // Казахстанская правда. – 2012. – 26 мая. – С.12.
4. Нурбергген, Адина. Символы надежды, гордости и патриотизма: 4 июня в Казахстане отмечается День государственных символов / Адина Нурбергген; фото авт. // Казахстанская правда. – 2020. – 5 июня. – С.1, 4.

\*\*\*\*\*

**23 шілде**

**Зәкәрия Сисенғалиев**

**(1957)**



Сисенғали Закария Жүсіпқалиұлы 1957 жылы 23 шілдеде Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала ауданы, Мұқыр ауылында дүниеге келген. 1974 жылы Мәстексай ауылындағы С. Меңдешов атындағы орта мектепті бітірген. Білімі жоғары А.С. Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтын, Алматы саясаттану және басқару институтын бітірген. 1975-1977 жылдары әскери міндетін өтеген. Запастағы лейтенант. 1977-1989 жылдары аудандық «Жаңарған өңір» газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы. 1989-1991 жылдары Алматы саясаттану және басқару институтының тыңдаушысы. 1991-1992 жылдары Батыс Қазақстан облыстық «Орал өңірі» газетінің Жаңақала, Жәнібек, Казталовка, Орда аудандары бойынша меншікті тілшісі, 1993 жылға шейін аудандық „Жаңарған Өңір” газетінің редакторы. 1993-2001

жылдары Жаңақала ауданы әкімі аппараты ішкі саясат және әлеуметтік сала, ұйымдастыру және кадрлармен жұмыстары бөлімдерінің меңгерушісі қызметтерін атқарды. 2001 жылдан аудан әкімінің орынбасары. Закария Сисенғалидың «Көктем» атты тұңғыш өлеңі 1972 жылы аудандық «Жаңарған Өңір» газетінде жарияланды. Осыдан бастап өлеңдері мен рецензиялары, очерктері республикалық „Қазақ әдебиеті”, «Қазақстан мұғалімі», «Лениншіл жас», (Жас алаш) газеттері мен «Жұлдыз», «Жалын», «Ақ желкен», «Мәдениет және тұрмыс» журналдарында, облыстық, аудандық басылымдарда жиі жарияланып келеді. Оның 2001 жылы «Жазушы» баспасынан «Әнім сенсің, Жаңақала», 2003 жылы «Дастан» баспасынан «Ақ Жайық-ару мекенім» атты өлеңдер жинағы шыққан. Жиырмаға жуық әр түрлі жинақтарға шығармалары енген. Ол отыздан астам ән мәтіндерінің авторы. Көрнекті композиторлар Ә. Бейсеуов, Б. Жұманиязов, С. Лұқпанов, Т. Шәмелов, Д. Қажымов тағы басқа ақынның өлеңдеріне ән жазған. Әсіресе, Қазақстанның халық артистері Ә. Бейсеуов пен Т. Шәмеловтің әндеріне жазылған «Жаңақала-гүл қала», «Әнім сенсің, Жаңақала», Д. Қажымов әнге айналдырған «Ақ Жайық -ару мекенім» өлеңдері туған өлкесінің әнұранына айналды. З. Сисенғали Қазақстан журналистер одағының мүшесі. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығы мерекелік медалімен, көптеген грамоталармен марапатталған.

### ӘДЕБИЕТ:

1. Қыстаубаев, Е. Ақынның ардақтаған аудан: жаңақала ауданында ақын Закария Сисенғалидың мерейтойы өтті / Е. Қыстаубаев // Орал өңірі. - 2007. - С.8.
2. Сисенғалиев, З. // Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. - Алматы: Арыс баспасы, 2002. - Б.267.
3. Сыикова, Р. Он лиру посвятил родной земле: [творческий вечер члена Международного союза писателей и Союза журналистов Казахстана Закарии Сисенғали] / Р. Сыикова // Приуралье. - 2012. - 16 августа. - С.4.

4. Сыикова, Р. Он лиру посвятил родной земле: [творческий вечер члена Международного союза писателей и Союза журналистов Казахстана Закарии Сисенгали] / Р. Сыикова // Приуралье. - 2012. - 16 августа. - С.4.

5. Сапарова, А. Сағыныш-мұңға бөлейтін ақын / А. Сапарова // Орал өңірі. - 2016. - 4 тамыз. – Б.11.

\*\*\*\*\*

## **25 шілде** **Тұяқбай Зейітұлы Рысбеков** **(1947)**



Рысбеков Тұяқбай Зейітұлы 1947 жылы 25 шілдеде Жамбыл облысы Талас ауданы Ақкөл ауылында дүниеге келген.

Тарих ғылымының докторы, профессор Т.З. Рысбеков ендігі тарих қойнауына кетіп қоштасқан ХХ ғасырдың 47 жылы, шілденің 25 күні дүниеге келіпті. Әкесі Зейіт пен анасы Дәнеқыз зиялы қауым өкілдері еді. Отбасында жалғыз болғасын ба, әлде шаранасы кеппеген, ұзақ күткен ұлын ұрпақ жалғастырар азамат ретінде үміттенді ме, әйтеуір азан шақырып атын Тұяқбай деп қойыпты. Сөйтіп Кеңес дәуірінде қалыптасқан қатал өлшем бойынша ныспысы – Рысбеков Тұяқбай Зейітұлы болып шығыпты.

Туған жері бұрынғы Әулие ата аймағының Талас ауданындағы Ақкөл ауылы. Қазір заман көшіне ілесіп, аяғымыздан тік тұрған зиялы қауым өкілі ретінде танылса да, сол бір соғыстан кейінгі жыртық-жамау жылдары өскен балалар секілді, ол да жалаң аяқ, жалаң бас жүрмегенмен ел басына түскен ауыртпалықты бір кісідей көтерді. Көрген қиындығы оның жігерін жасытса да, қиял қанатын

қайырған жоқ. Керісінше сол буынның өкілдері білімге, болашаққа құштарлығы көбірек болды ма деп те ойлаймын. Тентек Талас өзенінің анда-санда бұрқ-сарқ етіп көрсететін асау мінезі мен қасындағы Қаратау жоталарының табиғаты оның балалық шақтарының ұмытылмас мөлдір сәттері. Сол бір аспанмен таласқан, биігін ақ қар басқан ақшаңқан шыңдардың сұлбасына қарап, биіктікке деген құмарлығы оянды десек артық айтқандығымыз емес.

1954 жыл қаһарымен ызғар ескен уақыт артта қалған кезде мектептің есігін ашыпты. Орталау мектепті үздік бітірген соң кәмелетке толғаны туралы куәлігін құшақтап, үлкен қалаға келіп оқысам деген асқақ арманымен сол кездегі Жамбыл қаласындағы Абай атындағы педагогикалық училищеге оқуға түседі. Сол оқуға түскен 1961 жылғы оның тобында қыздар жағы көп болатын. «Мен ұяң едім, ұялшақ едім» деп Мұқағали жазғандай ауылдан келгесін кішкене ұжымға кіріге алмай ұзақ жүреді. Кейін домбыра, би, ән үйірмелеріне барып жүріп, замандастарына үйренісіп те қалады, ұлттық өнерге деген жақындығы мен жанашарлығы оның қазіргі дейін өмірдің өрі мен төріне жетелеген шамшырақ десек ақиқат.

Әр жас өркеннің қанат қағып азамат болып, түлеп ұшуына ұлттық тәрбие берген ұстазы әсер етпей қоймайды. Әсіресе, оның азамат болып, есейіп сегіз сырлы, бір қырлы жеке тұлға болып қалыптасуына осы училищедегі ұлағатты ұстазы, қазақ ағарту ісінің үздігі Майра Ыбраева әпкесі (курс жетекшісі) көп ықпал етті. Бұл кісінің кім екенін таныту үшін оның жазушы Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдар» деген көркем шығармасының әдеби кейіпкері кәдімгі Майраның прототипі болғанын айтсақ та жеткілікті. Ғылымдағы алғашқы жазбалары ҚазМУ-да оқыған жылдары жарық көрсе де қаламының ұшы ұшталып, жүйелі мақала жазуға машықтануы осы апайдың ұсынысымен «Мұғалім» атты қабырға газетінің редакторы болғаны әсер еткен шығар.

1965 жылы Жамбыл педучилищесін үздік дипломмен аяқтап, ол жолдамамен ауылға аттанды. Білімге деген құштарлығы –

ғылымға деген құмарлыққа ұласуы училищеде жүргенде-ақ оянған болатын. Өйткені, қинала жүріп, келешегіне үкілі үмітпен жәудірей көз тіккен қазақтың сол бір кездегі ақжарқын жасөспірімдері үшін кез-келген жақсы іспен кездесу санада сөнбейтіндей айрықша әсер ететін. Оның да осы білім ошағымен шектелмей үлкен ғылым ордасына бет бұруына Жамбыл педучилищесіне келіп, студенттер үшін кездесу бақытын сыйға тартқан белгілі қазақтың ғұлама ғалымы Төлеген Тәжібаев пен көрнекті тілші, ғалым Мәулен Балақаевтың қамқор тілекпен айтқан ақыл-кеңестері мен ағалық ақ баталары себепші болғандай еді.

Бір жылдай бастауыш мектепте мұғалім қызметін атқарып жүрген кезінде ұстаз атты ұлы мамандықтың машақаты мен марапатын бірдей татып, марқайған шақтары аз болған жоқ. Дегенмен, алдыңғы ағалардың ақ батасын арқалап, 60-жылғы замандастардың арман қаласы, ару астана Алматыға аттанғаны 1966 жылдың жаз айы. Училищеде алған білік пен білімі жоғары оқу орнының емтихан сынынан мүдірмей өтуге жарап, сол жылы қазіргі қазақтың Әл-Фараби атындағы ұлттық мемлекеттік университетінің студенттер қатарына қосылады. Өзі талғаммен таңдаған тарих факультетіне оқуға түсуі, оның өмір жолының жаңа белеске бастар баспалдағы болды.

1970 жылға дейінгі Алматыда өткен студенттік сәттер сол жылымық жылдарының түлектері үшін ғана емес, небәрі жартығасыр ішінде небір төңкерістер мен алапат аштықтарды, жазықсыз жазалау мен аяусыз соғыстарды басынан өткеріп, қалжыраған еліміздің есін жинаған, есею жылдар еді.

Оның ойынша бозторғай қой үстіне жұмыртқалаған, іркіт ит басына төгілген заманда еліміздің нөмірі бірінші ордасында білім алып, бір ғұмырға бергісіз бес жылын өткізген өнегелі өмірбаяны ең өрнекті тұстары.

Себебі, ең алдымен осында ғалым ретінде қалыптаса бастағанын мойындауымыз керек. Ғылыми жұмыстармен айналысып, алғашқы ғылыми жарияланымдарының жарық көруіне жәрдем жасап, ақылын аямаған, аялы алақандарының ыстық табы

тәңірі тартқан тағдыры жазылған ақ маңдайынан кетпеген ағалар тобын атап өтпеу тарихшы ретінде оның өмір тарихына жасалған қиямет, қиянат болар еді. Олар университеттегі алғашқы ұстаздары, профессорлар: С.М. Кенжебаев, С.Ж. Жантуаров, Н.Н. Дауылбаев.

Х.А. Арғынбаев әсіресе, этнографиялық экспедициялардан тастамайтын. Қазақстанның төл тарихына қиянат жасалып, жасанды методология үстемдік құрып тұрған кезде тек ресми тарихты оқып, ұлттық мінезіміз бен рухымыз қалыптасуы деу, әрине қиын.

Осы түлектердің кейін шын тарихшы – кәсіпқой дәрежесіне дейін көтерілуі осындай алдыңғы толқын ағалардың өнегесі нәтижесінде, сондай-ақ студенттік кездеріндегі аты республикаға мәшһүр болған әйгілі университеттің «Жеті муза» қоғамының ұйымдастыруымен өткен атақты адамдармен кездесулер, өз қолдарымен құрған «Аққу» ансамблі мен университеттің театр студиясының шығармашылық жұмысына белсене араласуының, сөйтіп, ұлттық мәдениет пен өнер тарихы негізінде тәлім-тәрбие алуының әсері мол болды. Мысалы үшін, Қ. Байсейітов пен Қ. Шаңғытбаевтың «Беу қыздар-ай» пьесасын М. Әуезов театрында сахналаған кезімізде ғылым доценті Қасен бейнесін сомдауы санасына сіңірген игі істердің бірі. Ол осы өнер сахнасында бейнелеген кейіпкерінің өмір жолын, өз өмірінде одан да биік тұрғыдан көріп қайталағанына еш өкінбейді. Сол жылдары отбасының ошағын бұзбай, түтінін түзу шығарған балаларының адал анасы бола білген, сол себепті күнделікті тіршіліктің күйбеңінен құтқарып, Тұяқбай Зейітұлының ғалым тұлға ретінде қалыптасуына риясыз көмектескен құдай қосқан қосағы Баян Ғаббасқызымен танысып, кейін жұбын жазбастан 1971 жылы Орал өңіріне қоныс аударады. Үздік дипломды иеленіп, ағарту министрлігінің жолдамасымен келген жас мамандарды Қазақстандағы екінші көне жоғары оқу орнының ұжымы жылы шыраймен қарсы алғанын еске сала кеткен жөн. Сонымен 1971 жылдың жазы төл университетімен қоштасып, үздік диплом алған шақтары болса, осы жылдың күзі жоғары білімді маман болып

жұмысқа кіріскен кездері еді.

1973 жылы осы отаудың алғашқы ортақ қуанышы болды – жас отбасының тұла бойы тұңғышы Салтанат есімді қызы дүниеге келді. Ал 1973 жылы ол өзін түлетіп ұшырған ұяға қайта оралды. Үш жыл Орал пединститутында істеген жылдар артта қалып, ғылымның даңғылы жол соқпағымен қайта өрлеуіне тура келеді. 1974 жылы қазақтың мемлекеттік университетінің аспирантурасына қабылданып, 1977 жылы белгілі тарихшы ғалым Д. Дулатованың басшылығымен тарих мамандығы бойынша кандидаттық диссертация қорғап шығады.

Ғылым есігін ашып, табалдырығын аттаған сәттен бастап, академик ағалары М. Қозыбаев, К. Нұрпейісов пен М. Асылбековтің ағалық, жолдастық, адамгершілік жақсылықтарын көріп келеді және кәсіпқой ғалым болып танылуына, ғылыми өмірінің табысты басталуында солардың да салмағы бар-ақ. Сол ағалардың ештеңеге алаңдамай тынымсыз жазғанынан үлгі алғаны шығар, ғылым кандидаты атанған шақтан бастап күні бүгінге дейін 600-дей мақала жарияланып, 6 көлемді монография жарық көрді. 1977 жылы кандидаттық қорғасымен өскен өлкеге қайта оралады.

1979 жылы доцент ғылыми атағына ие болды. Сонымен бірге ұжымда әрі кәсіпқой, әрі ғылыми дәрежесі атағы бар деп институт басшылығы сол кез үшін жауапты Кеңестер Одағы тарихы кафедрасын басқаруды оған сеніп тапсырды. Ғалым басшы ретінде қалыптасып танылуы осы кезден басталды деуге болады. Осы кафедраны 10 жылдай басқарып, 1988 жылы жеке отау тіккен тарих факультетінің деканы қызметіне жоғарылатылды. Бұл 1988-1991 жылдар еді. Егер кімде-кім тарихшы мамандығын таңдап, жады қысқа болмаса, отандық тарих ғылымындағы осы жаңа өрлеу кезеңін есінде жақсы сақтаған шығар. Партия тарихынан бас тартып, қазақ тарихын жаңа көзқарас тұрғысынан оқырманмен тез қауыштыру оңай шаруа болған жоқ.

Дарақы даңғойлықпен дақпыртқа ілесіп мақтанғаны емес, Кеңестік дәуірдегі төл тарихымызды әділдік пен объективті жазу қажеттілігін түсінгендігінен шығар «Қазақстан кеңестерінің 1938-

60 жылдары аралығындағы шаруашылық және мәдени қызметі» деген тақырыптағы докторлық диссертацияны жазу барысында, тек отбасының басы қасында болып, экскурсияға шығатын жері кітапхана болды. 70-80 жылдардағы қалыптасқан тоқыраушылық пен тоқмейілсушілік қазақ зиялыларына да әжептәуір әсер етті.

Докторлық диссертациясын уақытылы бітіріп, 1990 жылы сәтті қорғайды. Бұл арада осы аз ғана еңбегін әділ бағалап, моральдық көмек көрсеткен отандық тарих ғылымының қара шаңырағы Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ұжымына өлшеусіз еңбегі үшін алғыс айта кеткен орынды.

Докторлық дәрежесін алған соң да туған ұжымы құшақ жая қарсы алып құрмет көрсетіп, бұрынғыдан да жоғары қызметке ұсынды.

Өтпелі кезеңдегі қайта құру мен демократиялық жаңарудың әсері ме Орал пединституты өзінің ұзақ тарихында өз басшысын өзі сайлады. Міне осы педагогикалық ұжымының жалпы жиналысында тікелей сайлау нәтижесінде 1991 жылы наурыз айында институт ректоры болып тағайындалады. Туған институтының үлкен ұжымы сенімімен 18 жылдай ректор қызметін атқарды. Жеке басы ғылым профессоры, академик деген атақтар алса, кейін университет болған оқу орнында талай жас ғалымның жолын ашып, олардың азамат болып қалыптасуына әсер еткендіктен ағалық әрі ұстаздық ризашылық сезімі көңілін кернейді.

Бірақ осы мерзімге шейін қаншама басшылық қызметтер өткелінен өтсе де өзінің ең алдымен кәсіпқой тарихшы екенін бір сәт есінен шығарған емес. Мұндайда белгілі Шығыс даналығы еске түседі: «Ғылым - бұл бір әлем, мұнда үш жоқ бар: қорғау шебі, табынушысы және асқар шың жоқ». Сондықтан да отандық тарихшылардың бірі ретінде айтары – тарихи тұжырымдамаларды қайта бағалау тек тарихи ақиқатқа сай келіп жатқанда ғана мүмкін нәрсе.

Мына мәселеге аса назар аударған жөн: тарихты тек шындықпен көтеруге, тек өтірікпен қаралауға болады. Маман

тарихшы (қай ұрпақтың өкілі болмасын) тарихи оқиғаларды сипаттауда қарапайымдылықтан бас тартқаны жөн, бұл тарихи фактіні ұрлаудан да зиян. Ондай қателікке ұшырамас үшін биік парасат керек. Ол үшін даламыздың дара ойшылы Абайдың «Парасаттылықтың мәні – ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек, білім, оның ішкі нәрі, сыртқы шырайы және әрі» деген сөздері ғылыми өмірінің кредосына әлдеқашан айналып кеткен.

Орал пединститутында істеген жылдар (1971-1996), кейін гуманитарлық университеттің (1996-2000), содан кейін М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің (2003-2011) басшысы болып істеген мезет Т.З. Рысбеков үшін оның педагог-ғалым болып қалыптасу кезеңі еді. Ол Кеңестер одағы аясында бірнеше ірі ғылыми конференцияларға белсенді қатысты: Мағаш қала, Алматы, Ташкент, Қазан, Орал, Москва, Санкт-Петербург, Екатеринбург, Астана, Қарағанды, Павлодар т.б.

Еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдары Түркі халықтары мен мемлекеттерінің достастығы, туысқандығы және ынтымақтастығының I және II конгресіне шақырумен қатысты. (Түркия, Измир (1993), Анкара (1994))

Полиэтникалық қоғамымыздағы ұлтаралық қатынастар мәдениетін қалыптастыруда өзінің ғылыми үлесін қосып «Орал (Жайық) мен Волга (Еділ) бойы халықтарының өзара байланыстарын тереңдету мен аймақтық ұлттық саясат мәселелері» атты еларалық конференциядағы ғылыми баяндамалары оң қабылданды. Қазақстан көлемінде және ТМД елдер арасында өткен тарих пен тәрбие мәселесі, этнопсихология мен педагогика, философия, білім беруді инновациялау секілді көптеген ғылыми теориялық конференцияларға қатысты. Атап айтсақ, «Білім және информатика» (Мәскеу, 1996), «Этнопсихология және этнопедагогика бағыттары» (Алматы, 1998), «Евразия мәдениетіне бет алыс» (Қазан, 1998), «XXI ғасырдағы қазақ философиясы» (Алматы, 1998), «Қазақстан тарих толқынында: өткенінен келешегіне қарай» (Алматы, 1999), «ТМД елдеріндегі білім берудің ортақ мәселелері» (Санкт-Петербург, 2000), «Қазақстан тәуелсіздік

